

БЕКІТЕМІН
№20 «Жаппа» бөбөк жай-балабақшасы коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны
менгерушісі *Т.К. Тлеубергенова*



**Жазғы оқу тәрбие және сауықтыру кезеңіндегі өзіндік
іс-әрекетінің перспективалық жоспары**

«Балбөбек» ортаңғы тобы

**Тәрбиешілер: Едігеева Н
Назарымбетова К
Ыбырайым Г**

2024-2025 оқу жылы

Жазғы-сауықтыру іс-шаралардың перспективалық жоспары

Іс шаралардың атаулары, мазмұны	Өткізу мерзімі
Маусым айы Іапта «Бақытты балалық шақ»	
«Балаларды қорғау» күні мерекесін ұйымдастыру: - балалар шығармашылығынан концерт; - асфальтқа сурет салу	02.06.2025
«Менің әлемім» «Менің жақындарым», «Менің үйдегі сырласым», «Менің бауырларым», «Менің отбасым» тақырыптарында балалармен әңгімелесу жүргізу; Балалардың өз отбасында ата-анасымен, бауырларымен немесе жақындарымен бірге өткізетін уақыттары туралы — қандай ойындар ойнайтыны, қандай спорттық жаттығулар немесе жарыстарға қатысатыны жайлы сұрап, сол ойындардың бірін бірге ойнап көру және алған әсерлерімен бөлісу; Тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беру, ән тыңдату және балаларға қалауы бойынша сол әнді орындауға мүмкіндік беру.	03.06.2025
Кәусәр бұлақ Балалардың көрген мультфильмдерінен алған әсерлерімен бөлісу, олардың қиялын, логикалық ойлау қабілетін және сөйлеу тілін дамыту мақсатында жетекші сұрақтар қою; Балалардың қалауы бойынша мультфильм кейіпкерлерінің образын таңдап, қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастыру; Пантомимика арқылы кейіпкерді табу ойынын ойнау. Рәміздер күні	04.06.2025
«Мен елімнің Ұланымын!» «Отан» тақырыбындағы өлеңдерді жатқа айту челленджін ұйымдастыру; Балалар шығармашылығынан сурет көрмесін өткізу; Таза ауада ұлттық ойындар сайысын ұйымдастыру.	05.06.2025

«Менің Отаным!» Отанға арналған әндер орындау – Хор немесе жеке ән айту, патриоттық әндерді бірге тыңдау, орындау. Құмда немесе тақтада «Менің Отаным» тақырыбында сурет салу – Балалар өз елін, табиғатын, рәміздерін суреттеп, қысқаша әңгімелеп береді. «Сапта жүру» және «Жалауша көтеру» ойыны – Әскери-патриоттық бағыттағы қимылды ойын түрінде ұйымдастыру.	06.06.2025
Маусым айы 2апта «Жас із кесушілер»	
Жас із кесушілер Дәстүрлі емес сурет салу техникасымен сурет салу; Қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастыру: «Өз түсінді тап», «Жасырынбақ», «Жалаушаны тап»; «Із кесушілер деген кімдер?» деген жетекші сұрақтар қою арқылы балалармен әңгімелесу; Ертегі немесе көркем шығармадан үзінді оқып беру; «Із кесуші» мультфильмін көрсету.	09.06.2025
Аңдар мен аңшылар. Альбомдарды қарау: «Аңдар», «Құстар», «Гүлдер» және т.б.; «Табиғатты қорғау» белгілерін дайындау; Сурет салу: «Жайлаудағы төрт түлік», «Орман аңдары», «Менің сүйікті жануарым» және басқа да тақырыптар (балалардың қалауын ескеру ұсынылады); Құммен және сумен тәжірибе жасау; Құрастыру: «Аңдардың үйшігі»; Қоршаған ортаны қорғау бойынша жаднама құрастыру; Қимыл-қозғалыс ойындары: «Аңды ізіне қарап таны», «Бақшадағы қояндар», «Қағып ал да ата» (доппен).	10.06.2025
Мейірімді достарым	11.06.2025

– Аңдар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру – Мысықтың өзіне күтім жасауын (жуынуын) бақылау – «Ерте, ерте, ертеде...» тақырыбына сәйкес аудио ертегілер тыңдату, тыңдалған ертегінің мазмұнын айтқызу – Сергіту сәтінде аңдар мен үй жануарларының қимыл-қозғалысына құрылған жаттығулар жасау	
Саялы бақ – «Біздің өлкеміздің ағаштары», «Балабақша ауласында қандай ағаштар өседі?», «Ағаштарды өрттен қорға!» тақырыптарында балалармен әңгімелесу – Суреттерді, альбомдар мен иллюстрацияларды қарау – Орманға, саябаққа немесе балабақшаның табиғат бұрышына саяхат жасау – Шығармашылық жұмысқа пайдаланылатын табиғи материалдарды жинау – Ағаштарды бақылау, оларға күтім жасау – Ағаштар туралы әңгімелер мен өлеңдер оқып беру, жұмбақтар шешу – Дидактикалық ойындар: «Қай ағаштың жапырағы?», «Тыңда да таны», «Қай ағаштың жемісі?» – Ағаштардың суретін салу	12.06.2025
Сыр сандық – Таныс ертегілердің қойылымдарын сахналау – «Ең үздік қойылым» және ойдан шығарылған ертегі қойылымдары байқауын ұйымдастыру	13.06.2025
Маусым айы 3 апта «Жаз да келді, көңілді»	
Сабын көпіршіктері күні – Балабақшада және үйде жеке бас тазалығын сақтау туралы әңгімелесу – Медициналық кабинетке саяхат – «Дәрігер» сюжетті-рөлдік ойыны – Су әлемі туралы жұмбақтар шешу	16.06.2025

– «Тамшылар» мультфильмі бойынша видеосюжеттер көрсету – Дәстүрлі емес сурет салу техникасымен сурет салу – «Жедел жәрдем» театрландырылған ойыны	
Теңіздегі тіршілік – Су ханшайымымен саяхат – «Су патшалығы» суреттер байқауы (ата-аналармен бірлесіп ұйымдастыру) – «Өзен, көлдер» тақырыбындағы альбомды безендіру – Сумен түрлі ойындар ұйымдастыру	17.06.2025
Сүйкімді кірпі – «Менің ағзамның қорғаушысы», «Пайдалы және зиянды тағамдар» тақырыбында әңгімелесу – Көркем шығарма оқып беру – «Зиянды тағамдар» тақырыбында ұжымдық плакат әзірлеу	18.06.2025
Табиғат аясында – Жыл мезгілдері туралы түсініктерді бекіту– Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарды пысықтау – Жапсыру жұмысы: «Күлімдейді күн маған»	19.06.2025
«Күн, ауа, су» ойын сауығы – «Сылдырайды мөлдір су» тақырыбында әңгімелесу: денсаулыққа ауа мен судың пайдасы, судағы қауіпті жағдайлар туралы түсіндіру – «Жуыну әнін» тыңдату немесе балаларға бірге айту	20.06.2025
Маусым айы 4 апта «Қауіпсіз жаз»	
Бағдаршам күні – Көше қозғалысы ережелерін қайталау – «Дымбілместің қала көшелеріндегі оқиғалары» бейнесюжеттерін көрсету және бірге талдау – Жапсыру жұмысы: «Бағдаршам» – Балалардың ережелерді есте сақтауына көмектесу мақсатында балабақша ауласында «Көше қозғалысы» ойынын ұйымдастыру (ойыншық машиналар, қуыршақтар, құрастырғыштар мен жол	23.06.2025

белгілерін пайдалану)	
– Пайдалы және зиянды өсімдіктер – «Улы өсімдіктер мен саңырауқұлақтар», «Дәрілік өсімдіктер», «Табиғаттағы қауіпсіздік» тақырыптарына сәйкес суреттерді қарап, әңгіме жүргізу – Мультфильмдер көрсету – Жапсыру жұмысы: «Жеміс-жидектер патшалығы» «Саңырауқұлақтар әлемі» мүсіндеу	24.06.2025
«Марғаудың үйшігі» «Өжет өрт сөндірушілер», «Құтқарушылар» сюжетті-рөлдік ойындарын ұйымдастыру – Өрт кезінде сақтау қажет тәртіп ережелері, «101» қызметі, өрт сөндірушілердің қызметі туралы балалармен әңгімелесу	25.06.2025
«Қауіпті заттар мен құралдар» – Ойындар: «Өртке қауіпті заттар», «Өрт сөндірушіге не қажет?» – «Өртке қауіпті заттар» тақырыбында коллаж жасау (ұжымдық жұмыс) – «Болады – болмайды» дидактикалық ойыны – «Мен бастаймын – сен аяқта» дидактикалық ойыны – Балалармен тақырыпқа байланысты кері байланыс жүргізу	26.06.2025
Шебер қолдар – «Шебер қолдар» театрландырылған қойылым атрибуттарының байқауын ұйымдастыру – Балалармен бірге қойылымдар дайындау және сахналау (саусақ театры, көлеңкелі театр, қуыршақ театры)	27.06.2025
Шілде айы 1 апта Гүлденген табиғат	
Табиғатты қорғайық – «Табиғатпен тілдесу» тақырыбында балалармен қоршаған ортаны қорғау туралы әңгімелесу	30.06.2025

– Суреттер байқауын ұйымдастыру – Ата-аналармен бірге «Гүлдестелі ханшайым» байқауын өткізу, номинациялар тағайындау, балалар шығармашылығын қолдау – Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бақшадағы қояндар»	
– Су әлемінде – Бассейнде жүзу, суға шомылу барысында қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау – Сумен шынығудың пайдасы туралы әңгімелесу – «Судың қасиеті», «Мөлдір – лай», «Ауа мен су» тәжірибелері арқылы балалардың зерттеушілік қызығушылықтарына қолдау көрсету – Су бетінде сурет салу	01.07.2025
– Ғажайыптар әлемі – Балалармен табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу (жаз мезгіліндегі маусымдық өзгерістер, балалардың киінуі, күн сәулесінің адам мен табиғатқа әсері, аспандағы бұлттар және т.б.) – Серуен кезінде табиғат көріністерін бақылауға үйрету және кері байланыс жасау – Табиғат туралы өлең оқып беру, жұмбақтар шешу – Дидактикалық ойын: «Артық суретті тап»	02.07.2025
– Менің достарым – Отбасындағы сүйіспеншілік, сыйластық, мейірімділік туралы әңгімелесу – Адамдардың бір-бірін жақсы көретіні, түсінісу, дос болу туралы түсінік беру – Көркем шығарма оқып беру – Сюжетті-рөлдік ойын: «Тату-тәтті отбасы»	03.07.2025
– Ұлттық ойындар – Ұлттық ойындар фестивалін ұйымдастыру – Қимыл-қозғалыс ойындары: «Ханталапай», «Аударыспақ», «Сақина салу», «Алтыбақан», «Ақ серек – көк серек», «Арқан тарту», «Тақия тастамақ», «Күш сынаспақ»	04.07.2025
Шілде айы 2 апта «Анам, әкем және мен – тату-тәтті отбасы»	
«Сүйікті қалам –Астана »	08.07.2025

– «Елімнің жүрегі – Астана» тақырыбында әңгімелесу – Тақырыпқа сәйкес ән тыңдату және бірге айту – «Бұл бақытты мекен» атты асфальтқа сурет салу байқауы – «Менің сүйікті қалам» атты үздік ән байқауы	
Менің сүйікті кейіпкерім – Сүйікті кейіпкерлер фестивалін ұйымдастыру – Балалар мен ата-аналардың бірлескен әрекеті: дәстүрден тыс техникамен сурет салу сайысы (жүнмен, жіппен, саусақпен, алақанмен сурет салу) – Салған кейіпкері туралы әңгімелеу	09.07.2025
«Мерейлі отбасы» – «Әке көрген оқ жонар» тақырыбында: әкелермен бірге зат қалдықтарынан бұйым жасау – Дайындалған бұйымдардан көрме ұйымдастыру – Ата-аналар мен балалардың бірлескен әрекеті: Абай Құнанбайұлының өлеңдерін жатқа айту челленджі	10.07.2025
«Анам, әкем және мен – тату-тәтті отбасы» – «Әлди-әлди ақбөпем» челленджі: әжесінің бесік жырын тыңдату немесе орындау – Отбасының қызықты демалыс сәттерінен фотокөрме ұйымдастыру – Тақырыпқа сәйкес ән айту және мәнерлеп оқу сайысы – Таза ауада ата-аналар мен балалардың қатысуымен «Отбасылық эстафета» спорттық сайысын өткізу	11.07.2025
Шілде айы 3 апта Жазғы сайыстар	
«Ұлы дала баласы» – «Жас спортшылар»: балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін тренажерлардың көмегімен таза ауада жаттығу – Жаңа ойындарды үйрету – Қимыл-қозғалыс ойындарына қажетті атрибуттар әзірлеу – Санамақтар жаттау	14.07.2025

– «Бәйге», «Арқан тарту», «Көкпар» ұлттық ойындарымен «Ұлы дала баласы» спорттық сайысын ұйымдастыру	
– Жүгіреміз, зырлаймыз – «Денсаулық – зор байлық», «Дені саудың – тәні сау» тақырыптарында әңгімелесу – Балаларға өз денсаулығын күту, жеке бас гигиенасын сақтау маңыздылығын түсіндіру (тіс тазалау, жуыну, қол жуу, тазалық сақтау және т.б.) – Қосымша ресурс: – Көркем шығарма оқып беру (немесе үзінді оқу) – Таза ауада ұлттық ойындарды ойнау: «Ақ серек – көк серек», «Орамал тастамақ» және т.б.	15.07.2025
– Спорттық ойындар күні – Балалардың сүйікті қимыл-қозғалыс ойындарын ойнату «Менің көңілді добым» бөлімі: – Балалармен әңгімелесу: «Доппен ойналатын спорт түрлері» – Доппен ойнау жаттығулары – Допты нысанаға дәл тигізу – Шығармашылық жұмыс: сурет салу немесе мүсіндеу «Менің көңілді добым»	16.07.2025
– Олимпиада алауы – Отбасылық жарыстар мен эстафеталық ойындар ұйымдастыру – Балалармен әңгімелесу: «Спорттың жазғы түрлері», «Менің сүйікті спортым», «Отбасындағы спорт» – Спорт туралы жұмбақтар мен сұрақ-жауап ұйымдастыру – Санамақтар мен өлеңдер жаттау – Спорттық жаттығулар жасату, ойындар ойнату: бадминтон, футбол, волейбол – Құрсаумен және секіртпемен ойындар өткізу – Ұлттық ойындардан байқау: «Бес темше», «Көкпар», «Асық ойындары»	17.07.2025

– Қазақтың салт-дәстүрі – алтын қазына Балалармен әңгімелесу: «Қазақ халқының салт-дәстүрлері», «Бесікке салу», «Тұсау кесу», «Сүндет той», «Қонақжайлылық» – Ұлттық бұйымдар мен киім үлгілерін тамашалау, әжелерден шағын шеберлік сағатын ұйымдастыру – Қолөнер көрмесі: балалардың қолымен жасалған қамшы, үкі, ою, кесте элементтері – Қимыл-қозғалыс ойындары: «Асық ату», «Тақия тастамақ», «Сақина салу» – Салт-дәстүрге арналған ұлттық әндер мен термелер тыңдату – Дәстүрлі тағам түрлерін таныстыру: бауырсақ, құрт, ірімшік, қымыз (дегустация түрінде, ата-аналармен келісіп) – Шығармашылық жұмыс: «Менің ұлттық бұйымым» (жапсыру немесе мүсіндеу) – Кеш соңында: «Қазақтың дәстүрі – тәрбие негізі» атты шағын концерт ұйымдастыру (балалар жаттаған өлеңдер, тақпақтар, би)	18.07.2025
Шілде айы 4 апта «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма»	
– Алтын балық әлемінде – Алтын балықпен бірге балықтар патшалығына саяхат жасау – «Балықтар әлемі» тақырыбында дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет байқауын ұйымдастыру – Балалармен әңгімелесу: улы жәндіктердің суреттерін қарап, олардан қорғану жолдарын түсіндіру – Таза ауада ұлттық ойындар ойнау: «Аударыспақ», «Соқыр теке», «Айгөлек», «Күш сынаспақ»	21.07.2025
– Туған өлкем – Балалардың бойында туған жерге, елге деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін қалыптастыру – Ән тыңдату, тақпақ жатқа айтқызу	22.07.2025

– Туған өлке туралы естеліктермен бөлісу, балалармен бірге фотоальбом қарау, аталар мен әжелердің әңгімелерін тыңдау – Көркем шығарма оқып беру – Аквариумдағы балықтарды бақылау, балықтарға жем беру – Қимыл-қозғалыс ойыны: «Балық аулау»	
– Ойланайық, балақай! – «Жайдары жаз» тақырыбында ермексазбен жұмыс – Жаз мезгілі туралы әңгімелесу арқылы балалардың танымын кеңейту, алған білімдерін бекіту (кері байланыс) – Табиғатты бақылау, қызығушылықтарын дамыту	23.07.2025
– Гүлдер күні – Гүлдер туралы әңгімелесу, жұмбақтар шешу – «Құлпырған әлем» шығармашылық шеберханасы: балалардың қалауы бойынша әртүрлі материалдармен бұйым жасау (аппликация, оригами, квиллинг, жапсыру т.б.) – Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, бір-біріне немесе ата-анасына сыйға тарту – «Бағбан» сюжетті-рөлдік ойыны: гүлзарларды қопсыту, суару, тазалау	24.07.2025
– Жәндіктер әлемі – Жәндіктер туралы танымдық әңгіме – Серуен кезінде табиғаттағы жәндіктерді бақылау, балаларға жетекші сұрақтар қою, қызығушылығын дамыту	25.07.2025
Шілде айы 5 апта «Менің достарым»	
– Әдептілік – әдемілік – «Жақындарыңды немен және қалай қуантуға болады?», «Кішкентай көмекшілер», «Менің	28.07.2025

жақсы істерім» тақырыптарында балалармен әңгімелесу – «Әдепті бала» атты қысқа диалогтарға құрылған көріністерді сахналау арқылы балалардың бойында әдептілік қасиетін қалыптастыру – Көркем шығарма оқып беру – Дидактикалық ойын: «Досыма достық лебізім» – Сюжетті-рөлдік ойындар: «Супермаркет», «Сән салоны»	
– Достық күні – Достық туралы түсінік қалыптастыру, достық қарым-қатынасты сипаттайтын қысқа сахналық көріністер арқылы балалардың түсінігін кеңейту – Достық туралы ән тыңдау және бірге айту – Жапсыру жұмысы: «Досыма сыйлық»	29.07.2025
– Мейірімділік күні – Денсаулық, салауатты өмір салты және мейірімділік туралы әңгімелесу – «Ертегі кейіпкерлерінің жақсы істері» ертегі еліне саяхат жасап, балалармен пікірталас ұйымдастыру	30.07.2025
– Түрлі-түсті кемпіркосақ күні – «Қала үстіндегі шарлар» атты ойын-сауық ұйымдастыру: - Үрленген шарлармен эстафеталық жарыстар - Шарларға сурет салу «Ең көңілді шар» байқауын өткізу - Түрлі-түсті шарлардан кемпіркосақ бейнесін құрастыру	31.07.2025
– Достық аллеясы – Табиғи материалдармен жұмыс: құрастыру және мүсіндеу арқылы достық тақырыбын ашу – Ұлттық ойындар ойнау: «Түйілген орамал», «Арқан тартыс», «Білектесу», «Алтын сақа»	01.08.2025

Тамыз айы 1 апта «Ас атасы – нан»	
– Алтын дән – «Дәндер патшалығына саяхат» тақырыбында суреттер мен альбомдарды қарау – Көркем шығарма оқып беру, тыңдалған мәтіннің мазмұнын айтқызу – Ыдыстағы дәндерді түрлеріне қарай ажырату, әр ыдысқа бөлу, бөлінген дәндерді санау – Табиғи материалдармен немесе ермексазбен жұмыс: «Дәндер патшалығы» тақырыбында шығармашылық жұмыс	04.08.2025
– Нан – дастархан байлығы – «Нан – дастархан байлығы» тақырыбында әңгімелесу – Шығарма оқып беру, мазмұнын балаларға айтқызу – Нан қиқымын ауладағы құстарға беру және оларды бақылау – Нанның суретін салу, ермексаздан нан мүсіндеу	05.08.2025
– Нан болса – ән де болады – Нанды қолдан пісіру процесін көрсететін анасы мен баласының, әжесі мен немересінің бірлескен әрекетінен құралған алдын ала дайындалған челлендж материалдарын көру – Наубайхана жұмысы туралы таныстыру – «Аспазшы» сюжетті-рөлдік ойыны – Тақырыпқа сәйкес ата-аналармен бірге ән байқауын ұйымдастыру	06.08.2025
– Егіс алқабында – «Алқапта не өседі?» тақырыбында әңгімелесу, көркем шығарма оқып беру – Ауладағы өсімдіктер мен шөптерге күтім жасау (қарапайым тапсырмалар орындату) – «Ғажайып дәндер» атты ұжымдық жұмыс: дайын суретті дәндермен безендіру	07.08.2025

Жемістер мен көкөністер күні – «Жемістер мен көкөністер» фестивалін өткізу – Жұмбақтар мен тақпақтар сайысы – Жапсыру: «Менің дәмді достарым» – «Кім күшті?» сайысы: жемістер мен көкөністерді сумен жуып, жылдам жеу жарысы	08.08.2025
Тамыз айы 2 апта «Мен және қоршаған орта»	
– Менің нәзік достарым – Гүлдер және оларға қамқорлық жасау туралы әңгімелесу – Шығарма оқып беру, мазмұнын бірге талқылау – Түрлі-түсті қағаздан гүлдер жасау (қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін квиллинг әдісі қолданылады) – Ұжымдық шығармашылық жұмыс: дайын және қолдан жасалған гүлдерді жолаққа жапсырып, өз тобының ойын алаңын безендіру – «Гүлге оранған ханзада мен ханшайым» байқауын өткізу (ән айту, би билеу)	11.08.2025
– Менің адал достарым – Ит, мысық, балық және басқа үй жануарлары туралы шығарма оқып беру, мазмұнын талдау– Шығармашылық шеберхана: дәстүрлі емес техникамен сурет салу (жүн, мақта, түйме қолдану арқылы сүйікті жануардың бейнесін жасау) – Балалар сүйікті достарына арнап тілек айту	12.08.2025
– Саясында бау-бақтың... – Қоршаған орта туралы сұрақ-жауап ұйымдастыру – Отбасылық биден дайындалған челлендж материалдарын көру – Балалардың өз таңдауы бойынша әуенмен би билеу	13.08.2025

– Ханталапай – Ұлттық ойындар туралы шығарма немесе өлең оқып беру – Оқылған шығарманың мазмұнын балалармен бірге әңгімелеу – Асықтарды бояу және безендіру – Ұлттық қимылды ойындардан жарыс өткізу	14.08.2025
– Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл! – Мамандық түрлері және олардың атқаратын қызметі туралы әңгімелесу – Мамандықтар туралы өлең оқып беру және мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру – Мамандықтар тақырыбында сурет салу немесе мүсіндеу – Сюжетті-рөлдік ойындар: «Дәрігер», «Мейрамхана», «Ұшақта» және т.б.	15.08.2025
Тамыз айы 3 апта «Өнер көзі халықта»	
– Куыршақ театры – Куыршақ және көлеңкелі театр қойылымдарын тамашалау – Көрген қойылым желісі мен кейіпкерлері туралы әңгімелесу – «Менің сүйікті достарым» тақырыбында ертегі кейіпкерлерінің костюм элементтерін қағаздан жасап, дайын бейнеге жапсыру – Тақырыпқа сәйкес сюжетті-рөлдік ойын ойнату	18.08.2025
– Сөз асылы – шешендік – «Әжелер мектебі» жұмысын жандандыру – Алдын ала дайындалған «Ерте, ерте, ертеде... әжемнің ертегісін тыңдайық» челлендж бейнематериалдарын тамашалау – «Ертегілер әлеміне саяхат»: балаларға сүйікті ертегілерін айтқызу – Дидактикалық ойын: «Мен бастаймын, сен жалғастыр»	19.08.2025

– Алуан-алуан кейіпкер бар – «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында ермексаздан мүсіндеу немесе суретін салу – Өз қолымен жасаған кейіпкер бейнесіне еніп, оның даусымен сөйлеу (тіл дамыту жаттығулары) – Ертегі тыңдату, ондағы кейіпкерлер туралы өз ойларын айтқызу	20.08.2025
– Өнерлі өрге жүзер – Ата-аналармен бірлескен әрекет: алдын ала үйде әзірленген ұлттық оюлар көрмесін тамашалау, жасалған бұйымдар туралы әңгімелесу – Тақырыпқа сәйкес жұмбақтар шешу – Бұрыннан білетін әндерді айтқызу, билер билету	21.08.2025
– Ел іші – өнер кеніші – Педагогтар мен балалардың бірлескен театрландырылған қойылымдар байқауын ұйымдастыру – Қойылым қоюға қажетті атрибуттарды орналастыру – Қойылым желісін бірге ойластыру – Рөлдерді ортақ келісіммен бөлісу – Қойылымды сахналау	22.08.2025
Тамыз айы 4 апта Ғажайыптар әлемінде	
– Балабақшам – өз үйім – «Менің балабақшам» тақырыбында жазғы сауықтыру кезеңінде алған әсерлері туралы балалармен серуен кезінде әңгімелесу – Асфальтқа ұжымдық сурет салуға жұмылдыру, салған суреттері бойынша өз ойларын айтқызу – Тәрбиеші, медбике, тәрбиеші көмекшісі, музыка жетекшісі, денешынықтыру нұсқаушысы, аспазшы және басқа мамандықтардың рөлдеріне бөлініп, балалардың рөлдерді өз еркімен таңдап ойнауына мүмкіндік беру	25.08.2025

– Бір, екі, үш – бойға жинап күш! – Дене шынықтырудың пайдасы туралы әңгімелесу – Балалардың өздеріне ұнайтын жаттығуларды жасата отырып, бірлесіп спорттық ойындар таңдау және ойнау – Серуен кезінде қарапайым еңбекке баулу: гүл суару, ойын алаңын жинастыру, т.б. – Ұлттық ойын: «Бәйге» ойнату	26.08.2025
– Менің Қазақстаным – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, туған өлкенің көрікті жерлері мен табиғаты туралы әңгімелесу – «Елім менің» тақырыбына арналған «Мен бастаймын – сен жалғастыр» ойыны – Алдын ала дайындалған ата-аналар мен балалардың оқыған өлеңдерінің бейнематериалдарын көру және балаларға ұнағандарын бірлесіп таңдау	27.08.2025
– Алтын сақа – «Мен атамның көмекшісімін» тақырыбында әңгімелесу – «Жеті атасын білу – тектіліктің белгісі» сайысын ұйымдастыру – Ұлттық асық ойыны «Ханталапайды» ойнату – Асықтармен жасалған «Денсаулық жолымен» жаттығу жүргізу – Асық тізілген қолғаптар арқылы балаларға сергіту массажын жасау	28.08.2025
– Конституция күні – Адалдық, достық, тәртіп туралы әңгімелесу – Тақырыпқа сай балаларға ойын жағдаяттарын ұсынып, дұрыс шешім табуға бағыттау – Қазақстан байрағының бейнесін жұмсақ қағаз қиындыларымен безендіру (ұжымдық шығармашылық жұмыс) – «Айбары асқақ – Ата заң» тақырыбында Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған мерекелік концерт ұйымдастыру	29.08.2025

Маусым айына таңғы гимнастика

1-күн: "Күнмен амандасу"

1. Қолды жоғары көтеріп, күнге қарай созылу
2. Шапалақтау (алдымен жай, кейін тез)
3. Денені оңға-солға бұру
4. Қолды алға-артқа сермеу
5. «Күн сәулесін шашу» — қолмен жоғарыдан төмен қозғалыс

2-күн: "Қоян секірісі"

1. Қолды белге қойып, басты оңға-солға айналдыру
2. Қолмен тізені ұстап, отырып-тұру
3. «Қоянша секіру» — екі аяқпен жеңіл секіру
4. Алақанды тізеге тигізу
5. Шалқая созылу

3-күн: "Желмен ойнау"

1. Қолмен ауада айналма шеңбер сызу
2. Денені алға-артқа иіп тұру
3. Аяқты жоғары көтеріп жүру
4. «Желдің лебі» — қолды жоғарыдан төмен сермеу
5. Тыныс алу жаттығуы: мұрынмен терең тыныс алу, ауызбен шығару

4-күн: "Көбелек күні"

1. «Қанат қағу» — қолды жайып, көбелектей қимыл жасау
2. Орнында жеңіл жүгіру
3. Қолмен шеңбер сызу (иық айналдыру)

4. Алақанды уқалау
5. Денені оңға-солға иіп, қайта туралану

5-күн: "Балықтар жүзеді"

1. Қолмен "жүзу" қимылын жасау
2. Аяқты кезекпен артқа созу
3. Басты оңға-солға бұру
4. Қолды жоғары-төмен сермеу
5. «Судың сыбдыры» — алақандармен жұмсақ қимылдар

6-күн: "Көңілді жаңбыр"

1. Қолды жоғары көтеріп, шапалақтау
2. Тізені көтеріп жүру
3. «Жаңбырдан қашу» — орнында жүгіру
4. Шалқая созылу
5. Аяқпен бір орнында шеңбер бойымен жүру

7-күн: "Жапырақ тербелісі"

1. Қолмен жоғарыдан төмен сілтеу (жапырақтың түсуі)
2. Денені алға иіп, қолды бос тастау
3. Қолмен айналма қимылдар жасау
4. «Желмен бірге айналайық» — жеңіл бұрылу
5. Қолды бұлғап, тыныс жаттығуын жасау

8-күн: "Құмда ойнаймыз"

1. Қолмен құм шашу бейнесін көрсету
2. Жерге отырып, қолды созып, жинау
3. Қолмен иықты айналдыру

4. Тізені бүгіп отырып-тұру
5. Қолды алға созып, алақанмен ауада “шеңбер” сызу

9-күн: "Құс самғауы"

1. Қолды екі жаққа жайып, "ұшу"
2. Денені оңға-солға бұру
3. Қолмен алға-артқа сермеу
4. Бір аякпен тұру (қысқа уақыт)
5. «Желмен тербелу» — босаңсыған күйде тұрып қозғалу

10-күн: "Шармен жаттығу"

(Егер шарлар болса)

1. Шарды жоғары лақтырып, ұстау
2. Шармен оңға-солға бұрылу
3. Шарды аякпен итеру
4. Шармен шапалақ соғу
5. Орнында жеңіл секіру

11-күн: "Таңғы самал"

- Қолды жоғары көтеру
- Терең тыныс алу
- Қолды айналдыру
- Жеңіл секіру
- «Самал жел» жаттығуы

12-күн: "Қимылды қонжық"

- Алақанды иыққа қою
- Тізені бүгіп отыру
- Қонжықтай теңселу

- Шапалақ соғу
- Қолмен “гүл теру” қимылы

13-күн: "Бақшадағы көбелек"

- Қолмен қанат қағу
- Бір аяқпен тұру
- Тізеге алақан тигізу
- Денені оңға-солға бұру
- Аяқпен “қадам санау”

14-күн: "Құлыншақ секіреді"

- Тізені жоғары көтеру
- Қолды белге қою
- Жеңіл секіру
- Қолмен ауада сурет салу
- Жүгіріп келіп тоқтау

15-күн: "Орманда серуен"

- Ағашқа қол созу (қолды жоғары көтеру)
- Жапырақ ұстау (алақанмен қозғалыс)
- Жануардай қозғал
- «Аю жүрісі»
- Тыныс жаттығуы

16-күн: "Салқын су"

- «Суға түсеміз» жаттығуы
- Жүзу қимылы
- Тыныс алу

- Денені шалқайту
- Аяқты иекке тарту

17-күн: «Жел мен жаңбыр»

- Қолмен желдің қозғалысын көрсету
- Жаңбыр бейнесі — тырсылдату
- Қолмен толқын сызу
- Орнында жүгіру
- Дем алу жаттығуы

18-күн: «Кемпірқосақ»

- Қолмен кемпірқосақ сызу
- Жеңіл секіру
- Аяқпен шеңбер сызу
- Түстерді айту арқылы есте сақтау
- Көңіл-күй жаттығуы

19-күн: «Табиғатпен тыныс алу»

- Терең тыныс алу
- Қолды екі жаққа созу
- Жерге иілу
- Шалқая созылу
- Көзді жұмып, тыныс бақылау

20-күн: «Көңілді жаттығу»

- Қолмен күн салу
- Алақанды уқалау
- Қимылды би

- Досқа шапалақ соғу
- Көңілді секіру (барлығы бірге)

Маусым айына арналған 3 жасқа күндізгі серуен (20 күн)

1-күн

- **Бақылау:** Аспанды бақылау
- **Қимылды ойын:** «Көбелек пен гүл»
- **Еңбек:** Құмды жерді тегістеу
- **Шығармашылық:** Құмға қол ізін салу
- **Еркін ойын:** Құмда машиналармен ойнау

2-күн

- **Бақылау:** Желдің әсерін сезіну (ағаштың қозғалысы)
- **Қимылды ойын:** «Жел мен шарф»
- **Еңбек:** Жапырақтарды жинау
- **Шығармашылық:** Сабын көпіршігін үрлеу
- **Еркін ойын:** Шарлармен ойнау

3-күн

- **Бақылау:** Құстарға назар аудару
- **Қимылды ойын:** «Құстар мен тор»
- **Еңбек:** Құс ұясының астын тазарту
- **Шығармашылық:** Құстың суретін салу
- **Еркін ойын:** Қуыршақтармен ойнау

4-күн

- **Бақылау:** Шөптің пішіні мен түрі
- **Қимылды ойын:** «Секір, қозы!»
- **Еңбек:** Шөптерді суару
- **Шығармашылық:** Жапырақпен сурет жасау
- **Еркін ойын:** Құрылыс құралдарымен ойнау

5-күн

- **Бақылау:** Гүлдерді бақылау
- **Қимылды ойын:** «Гүл теру»
- **Еңбек:** Құмырадағы гүлдерді суару
- **Шығармашылық:** Гүл жапсыру
- **Еркін ойын:** Шелектен су тасу

6-күн

- **Бақылау:** Бұлттар мен күннің қозғалысы
- **Қимылды ойын:** «Күн мен жаңбыр»

- **Еңбек:** Қоқысты жинау
- **Шығармашылық:** Аспанды бояу
- **Еркін ойын:** Велосипедпен тебу

7-күн

- **Бақылау:** Құм құрылымдарын бақылау
- **Қимылды ойын:** «Құмдағы із»
- **Еңбек:** Құмды қопсыту
- **Шығармашылық:** Құмнан мүсін жасау
- **Еркін ойын:** Құмда пішіндермен ойнау

8-күн

- **Бақылау:** Ағаштың көлеңкесін байқау
- **Қимылды ойын:** «Көлеңкені қуала»
- **Еңбек:** Ағаш түбін тазарту
- **Шығармашылық:** Табиғи бояумен сурет
- **Еркін ойын:** Ойыншық көліктермен ойнау

9-күн

- **Бақылау:** Қоңыз немесе құртша
- **Қимылды ойын:** «Жорғала, жәндік!»
- **Еңбек:** Құм алаңын реттеу
- **Шығармашылық:** Жәндік мүсіні
- **Еркін ойын:** Дөңгелекпен итеру

10-күн

- **Бақылау:** Шалғын шөптің ішінде не бар?
- **Қимылды ойын:** «Шөп арасындағы аң»
- **Еңбек:** Шалғынды жұлмай, сипап көру
- **Шығармашылық:** Шөптен аппликация
- **Еркін ойын:** Үйшіктермен ойнау

11-күн

- **Бақылау:** Ауа райын салыстыру (бүгін/кеше)
- **Қимылды ойын:** «Ауа райы не дейді?»
- **Еңбек:** Ойын алаңын тазалау
- **Шығармашылық:** Күн мен жаңбыр суреті
- **Еркін ойын:** Кубиктермен құрастыру

12-күн

- **Бақылау:** Құстардың дыбысы
- **Қимылды ойын:** «Шаттанған торғайлар»
- **Еңбек:** Құсқа су қою
- **Шығармашылық:** Құс қауырсынын жапсыру
- **Еркін ойын:** Доппен ойнау

13-күн

- **Бақылау:** Ауладағы көлеңкелер

- **Қимылды ойын:** «Көлеңкем қайда?»
- **Еңбек:** Суға арналған ыдысты толтыру
- **Шығармашылық:** Қарындашпен ауа мен көлеңке салу
- **Еркін ойын:** Пазл құрастыру

14-күн

- **Бақылау:** Жапырақтардың түрі
- **Қимылды ойын:** «Жапырақты тап»
- **Еңбек:** Жапырақ жинау
- **Шығармашылық:** Жапырақтан сурет жасау
- **Еркін ойын:** Көлік тебу

15-күн

- **Бақылау:** Құстардың ұшып-қонуын байқау
- **Қимылды ойын:** «Қанатты қонақтар»
- **Еңбек:** Құс жемін шашу
- **Шығармашылық:** Қанат жасау (қағаздан)
- **Еркін ойын:** Қуыршақ үйімен ойнау

16-күн

- **Бақылау:** Ағаш қабығы мен діңін қарау
- **Қимылды ойын:** «Ағашқа жет»
- **Еңбек:** Қабық астын тазарту

- **Шығармашылық:** Ағаш суретін бояу
- **Еркін ойын:** Суда ойнау

17-күн

- **Бақылау:** Ауа мен иістер (шөп, гүл)
- **Қимылды ойын:** «Иісті табу»
- **Еңбек:** Гүлге су құю
- **Шығармашылық:** Гүл жапсыру
- **Еркін ойын:** Құрылыс блоктарымен ойнау

18-күн

- **Бақылау:** Құм мен тасты салыстыру
- **Қимылды ойын:** «Құмда тас тап»
- **Еңбек:** Құмды елеу
- **Шығармашылық:** Тастан мүсін жасау
- **Еркін ойын:** Су құю мен ағызып ойнау

19-күн

- **Бақылау:** Ауа қозғалысы (жалауша, парак)
- **Қимылды ойын:** «Жалауша тербеледі»
- **Еңбек:** Алаң шетін тазалау
- **Шығармашылық:** Қозғалысты суреттеу
- **Еркін ойын:** Қоларбамен ойнау

20-күн

- **Бақылау:** Өз көлеңкесін байқау
- **Қимылды ойын:** «Көлеңкемен ойнаймын»
- **Еңбек:** Ойыншықтарды орнына қою
- **Шығармашылық:** Аяқтың ізімен сурет салу
- **Еркін ойын:** Балалар еркін қимыл-қозғалыста

Кешкі серуенге арналған 21 қимылды ойын (3 жасқа)

1. **«Күн мен бұлт»**
– Күн шыққанда балалар жүгіріп жүреді, бұлтты көргенде тоқтайды.
2. **«Көбелек пен гүл»**
– Бір бала – көбелек, қалғандары – гүл. Көбелек гүлге ұшып келіп, айналып ұшады.
3. **«Бақа секір!»**
– Балалар бақа сияқты секіреді, суға “секіргендей” етіп ойнайды.
4. **«Көлеңкенді қуала»**
– Балалар өз көлеңкесін қуалап, жүгіріп ойнайды.
5. **«Тышқан мен мысық»**
– Біреуі мысық, басқалары тышқан. Мысық оларды ұстап алуы керек.
6. **«Кім биік секіреді?»**
– Балалар кезекпен секіріп, кім биік секіргенін бақылайды.
7. **«Көңілді пойыз»**
– Балалар тізбекпен жүріп, “пойыз” болып әндетіп қозғалады.

8. **«Шармен жарыс»**
– Допты (немесе шарды) аяқпен итеріп, белгіленген жерге жеткізеді.
9. **«Жел мен жалауша»**
– Бір бала жалауша болады, басқалары жел сияқты айналып, оны қуады.
10. **«Көңілді шеңбер»**
– Шеңбер бойымен жүгіру, секіру, тоқтау, шапшаң әрекет ету.
11. **«Ормандағы аңдар»**
– Әр бала бір аңның рөлін ойнайды (аю, қоян, түлкі), олардың қозғалысын бейнелейді.
12. **«Құстар мен ұя»**
– Құстар ұшып, тәрбиеші айтқанда “ұяға” – белгіленген орынға қайтады.
13. **«Қай санға дейін секіресің?»**
– Санап отырып, 5-ке дейін секіру, 6-ға дейін, т.б.
14. **«Жануарлар қалай жүреді?»**
– Аюша, қоянша, кірпіше жүру ойыны.
15. **«Топ-топ балапан»**
– Балапандар анасын (тәрбиешіні) еріп жүреді, дыбысқа қарай жүгіреді.
16. **«Жаңбыр мен күн»**
– Жаңбыр жауса – балалар тығылады, күн шықса – секіреді.
17. **«Қонжықтың ізін тап»**
– Тәрбиеленуші ізбен жүріп, межелі жерге жетеді.
18. **«Секір де тоқта»**
– Әуен қосылғанда секіреді, тоқтағанда – қимылсыз тұрады.
19. **«Құмдағы із»**
– Құм үстінде із қалдырып, бірге жүру.

20.«Алып бара жатыр»

– Бір бала жел сияқты, қалғандарын "алып бара жатыр", олар құлап қалмай жүруі керек.

21.«Біздер тату баламыз»

– Қол ұстасып, дөңгеленіп шеңберде түрлі қимыл жасайды.

Ата-аналарға кеңес – Маусым айы (20 күн)

1-күн: Балаңызды күннің алғашқы сәулесінде серуенге шығарыңыз — күнмен “дос” болу — Д дәруменінің көзі.

2-күн: Бала жазда көп қимылдайды. Жеңіл, теріге жайлы киім тандаңыз.

3-күн: Күн көзінде ұзақ болмауын қадағалаңыз. Көлеңке – жаздағы достық көмекші.

4-күн: Суға түсу кезінде қауіпсіздік ережесін сақтаңыз — су ойын емес, жауапкершілік.

5-күн: Таза су ішу – бала ағзасына ең маңызды көмек. Күніне кемінде 4–5 рет су ішсін.

6-күн: Жеміс-жидектермен бірге аллергия қаупін де есте сақтаңыз. Аз-аздан беріп көріңіз.

7-күн: Балаңызбен бірге табиғатқа шығып, гүл, құм, жәндік туралы әңгімелесіңіз – бұл таным көзі.

8-күн: Ұйқы режимін сақтау – жазда да маңызды. Қызықты күн – тыныш ұйқыдан басталады.

9-күн: Құммен ойнауға мүмкіндік беріңіз – бұл сенсорлық дамудың тиімді әдісі.

10-күн: Жазда бала терлейді – жеке тазалықты күнделікті бақылап, гигиенаны үйретіңіз.

11-күн: Гаджеттен аздап демалыс беріңіз – көзге де, миға да тыныштық қажет.

12-күн: Таңғы және кешкі серуен – баланың денсаулығы мен көңіл күйін жақсартады.

- 13-күн:** Отбасылық серуендер ұйымдастырып, баламен сөйлесіңіз — бұл сізге де демалыс.
- 14-күн:** Балаға жауапкершілікті үйретіңіз: ойыншықты жинау, гүлге су құю – кішкентай істер үлкен нәтиже береді.
- 15-күн:** Балаңызбен бірге сурет салып, жапсырып, ертегі құрастырыңыз – шығармашылық ойды дамытады.
- 16-күн:** Балада жара шықса немесе маса шақса – дер кезінде жеңіл ем-шара қолданыңыз.
- 17-күн:** Әр күнге “жылылық” сөз арнаңыз: “Мен сені жақсы көремін”, “Сен кереметсің!”
- 18-күн:** Жаз – шомылу мен ойын мезгілі. Бірақ әр ойында қауіпсіздік басты орында болсын.
- 19-күн:** Баланы табиғи ортаға жақын етіңіз – шөп, топырақ, тас – зерттеу мен танданудың көзі.
- 20-күн:** Ең бастысы – бала махаббат пен сенімділік сезінсін. Бұл – жаздағы ең керемет сыйлық!

**Жазғы сауықтыру
жоспары
Орта топ**

